

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қазақстанның мұнай және газ саласында жұмыс істейтін мамандардың кәсіби мейрамы-Мұнайшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Қарашығанақ кені - халықаралық тәжірибеге сәйкес озық технологияларды қолдана өндіріліп жатқан дүние жүзіндегі ең ірі және игерілуі күрделі мұнай, газ және конденсат кендерінің бірі.

Осы жылғы Қарашығанақта екі маңызды жоба жүзеге асырылды - өндірісті айтарлықтай өсіретін Төртінші кәмірсүттерді тұрақтандыру желісінің құрылысы аяқталды және Батыс Қазақстан облысының халқын қуат көзімен қамтамасыз ететін Орал газ құбыры жобасы іске қосылды. Бұл жетістіктерге жұмысқа шынайы берілген және білікті мамандардың көмегімен қол жеткіздік. Екі жобаны жүзеге асыруда атқарған зор еңбектері үшін компания қызметкерлеріне және мердігерлерге үлкен алғысымызды білдіреміз.

КПО-ның тұрақты өндіріс, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, шетелдік қызметкерлерді қазақстандық

мамандармен ауыстыру және жергілікті қамтуды дамыту мәселелері турасында алған міндеттемелері еш өзгерген емес. Компания қызметінің барлық салаларында қаржыны бақылауға және ұйымдастырушылық тиімділікке басты назар аударылады. Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ кәсіпорны арасында келіссөздер аяқталған жағдайда аталмыш мәселелердің орындалуы келесі игеру кезеңін жүзеге асыруға компания үшін маңызды.

Мен жұмыс орында қауіпсіздік техникасын сақтау КПО-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлеріне бастапқы міндет екендігін қайтадан естеріңізге салғым келеді. Қауіпсіздік техникасы - күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Қандай да бір жұмысты жоспарлағанда және жүзеге асырғанда қажетті қауіпсіздік шараларын қолдануымыз қажет.

Біздің кәсіби мейрамымыз қарсаңында мен Сіздерге бақ-дәулет пен мол бақыт тілеймін. Сіздердің іскерлігіңіз және жанашырлығыңыз компанияның және



соның есесінен жергілікті тұрғындардың ұзақ мерзімді пайдаға қол жеткізуіне өте маңызды.

Баршанызға Мұнайшылар күні құтты болсын!

Игі тілекпен,
бас директор Джузеппе Пази

Құрметті әріптестер!

Андреа Саккидің қаржы бойынша басқарушы қызметіне тағайындалғаны туралы хабарлаймын.

Андреа Италия, Германия, Испания, Түркия және Ангола елдерінде басшылық қызметте 10 жылдан артық жұмыс жасады.

Соңғы екі жылда Андреа ЭНИ компаниясының Римдегі офисінде са-тып алымдар, перспективалық жоспарлау және бақылау жөніндегі менеджер қызметінде болды.

Сіздердің Андреаны жаңа қызметке тағайындалуымен құттықтауыма қосылатындарыңызға сенемін.

Андреа қаржы бойынша басқарушы қызметіне Марко Чентидің орнына келді. Мен Маркоға алғысымызды білдіріп, ЭНИ компаниясының Алжирдегі офисіндегі жаңа қызметінде табыс тілеймін.

Ізгі ниетпен
Серджио Зановелло
Еңбек ресурстары бөлімінің
басқарушысы

Ардагерлер Қарашығанақта болды

Қыркүйек айының ортасында Орал қаласының бір топ соғыс және еңбек ардагерлері Бөрлі ауданының ардагерлер кеңесіне Қарашығанақ кен орнына экскурсияға бару туралы өтініш түсірді. Осыған орай Бөрлі ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Хабибұлы Мырзағалиев КПО -ның бас директоры Джузеппе Пазидің атына Оралдық ардагерлердің Қарашығанақ кен орнына экскурсия жасауына көмектесуін өтінген хат жолдады.

Орал қаласының бір топ соғыс және еңбек ардагерлерінің Қарашығанақ кен орнына экскурсияға баруы 16 қыркүйекте жүзеге асты. Ардагерлердің жастары мен жолдың ұзақтығын ескере отырып, оларды Оралдан Ақсай қаласына алып келу үшін КПО -ның транспорт бөлімі өте жайлы көліктер бөлген. Кен орнына бармас бұрын ардагерлер Вокзал алаңындағы белгісіз солдат ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Сонымен бірге ардагерлермен Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов кездесіп, қала өмірі туралы әңгімелеп берді.

Қарашығанақ кен орнынан ардагерлер үлкен әсермен оралды. Әсіресе, барлық жұмыстың жоғары халықаралық деңгейде жасалып жатқаны қатты қызықтырды. Ардагерлер жобаның ауқымдылығына, кең көлемділігіне таңданумен болды. Кен орнындағы барлық ғимараттардың техникалық, тұрмыстық жағынан жарактануы кейбір ардагерлерді ерекше таң қалдырды.



КПО компаниясындағы тілдер мерекесі



Қыркүйек айының 22 арасындағы өзара сыйластық жұлдызында КПО чех пен достық әріптестіктің негізгі қалашығында Қазақстан кәсіпорнының әндері мен Байқауға КПО ның өлеңдерінің байқауын өткізді. Байқау Қазақстан халқының тілдер күніне арналды.

КПО - да бұл мерекені өткізу жақсы дәстүрге айналған. Байқаудың ұйымдастырушысы КПО -ның тілдерді дамыту бөлімі. Байқаудың басты мақсаты КПО ның барлық қызметкерлеріне әр тілде ән салу мен өлең оқу арқылы өз таланттары мен мүмкіндіктерін көрсету мүмкіндігін беру. Өзге тілдерді де сүю мен құрметтеу әртүрлі ұлт өкілдері

арнайы жүлдесі.

Осы мерекеге орай КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази өз қызметкерлерін мерекемен құттықтады. Байқауға қатысушыларға арнап ол былай деді: «Сіздерді Қазақстан халқының тілдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қыркүйектің 22 ісі жүзден

аса ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрып жатқан тәуелсіз Қазақстанның аса маңызды атаулы күндерінің бірі. Тілдер күні халықтың бірлігі мен еліміздің мәдени өркендеуін көрсетсе керек. Соңғы жылдары КПО-да ән салу мен өлең оқу байқауын өткізу дәстүрге айналды, осы арқылы компанияның әрбір қызметкерінің

өз әріптестерімен өз тілінің мәдениетімен бөлісуі көзделеді. Бұл байқау КПО сияқты көпұлтты және көп тілді ұжымда ұлтаралық мәдени қарым-қатынас пен өзара түсіністікке игі ықпал етеді. Осындай атаулы мерекеде КПО-ның барлық қызметкерлеріне және олардың отбасыларына игілік, бақыт тілеймін!»



Салық балалар көзімен

Қылқалам ұстап сурет салуға, альбомдар жасауға әуес балаларды салық қызметкерлері «Салық балалар көзімен» атты ҚР Салық қызметінің 20 жылдығына арналған республикалық байқауға шақырды. Өз еңбектерін ұсынушылар көп болғандары соншалық, оларды үш топқа бөлуге тура келді: 9 жасқа дейінгілер, 12 жасқа дейінгілер және одан да жоғары. Табысты жұмыстары аудан көлемінде ғана емес, одан арыға тараған «Левша» қолөнер мектебінің оқушылары да қатысуды ұйғарыпты.

Бұл мектептің оқушылары директор Николай Нюдильчиевтің үйретуінің, ұстаз ашқан талант көзінің арқасында түрлі байқаулар мен фестивалдар-

да жүлделі орындарды иеленіп жүр. Осы жолы «Левшаның» үш оқушысы облыстық салық комитетінде жүлдеге ие болды. Оларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді, жұмыстары ең үздік жұмыстардың ондығына ілінді. Балалар мен олардың жетекшісі осы қуанышқа мәз бола бергенде қуанышқа қуаныш қосылды. Осы мектептің жас талантты суретшісі Валентина Мищенко 31 тамыз күні ҚР Қаржы Министрлігінің салық комитеті төрағасы Д.Е. Ерғожиннің мақтау қағазымен марапатталыпты. Яғни, Валя байқау жеңімпазы атанған. Валентина Мищенкоға бағалы сыйлық пен құрмет грамотасын Жарсуат орта мектебінің қыркүйектегі салтанатты линейкасын-



Шілденің 21-25 аралығында көршілес Ресей Федерациясының Шильникова ауылында Нижегород облысында Халықаралық казак қоғамының орыстардың күресі, жұдырықтасып төбелесуден және «Слада» ойындарынан жарыс өткізілген. Біздің ауданымыздың белгілі спортшыларының бірі, «Слада» орыс күресінен жеті рет әлем чемпионы, «Слада» орыс күресінің бүкіл әлемдік ассоциациясының вице-президенті Жасқайрат Сыйқов осы жарыстан жеңіс туын желбіретіп оралды.

Жарыстың мақсаты - халықаралық деңгейдегі ұлттық ойындар мен күрестердің дәрежесін жоғарылату екен. Халықаралық казактардың ойын түрлерін санамалар болсақ, орыс күресі «Слада», жұдырықтасып төбелесу «Яр», кір, лапта, городки, чиж, найзаны нысанаға көздеп ату және алысқа лақтыру, сондай-ақ тасты, бөренені алысқа лақтыру, секіру, пышақты, балтаны нысанаға лақтыру, биік ағашақпен жарысу.



Жасқайраттың жеңісі

Бұл жарыстың өзге жарыстардан өзгешелігі сол, жарысқа тек қана арнайы шақырумен қатыса алады екен.

- Мені бұл халықаралық жарысқа атаман, казак полковнигі, жарыстың бас төрешісі В.В. Миронычев шақырған болатын. Шақырғасын бардым. Жарыстың барлық түрінен қатысып қайттым. Жарыс орманды жерде, өсем табиғат аясында өтті. Өте тартымды, қызықты ойын, тартысты бәсеке болды. Ойындармен қатар, атақты кісілермен кездесулер болды, семинарлық сабақтар өтті. Кешкісін палаткаларға орналасқан жарысқа қатысушылар баянмен өлең айту, балық аулау, суға түсу, уха пісіру сияқты көңілді демалыс бағдарламаларын да жүзеге асырды, - дейді бізбен әңгімесінде Жасқайрат Сыйқов. - Ойын түрінде

да табыс етті. Ол үшін Жарсуатқа Н. Нюдильчиев пен Бөрлі аудандық салық басқармасы төрағасының орынбасары Е.А. Алғазиевтар арнайы келді. Жұлдегер қыздың жұмысы Астананың орталық көрме залдарынан орын алады және оны салық комитетінің сайттарынан көруге болады. Өз оқушысының қол жеткізген табысына риза Н. Нюдильчиевтің айтуы бойынша Валя сурет салумен жеті жылдан бері айналысып келеді және ең дарынды оқушы болып саналады екен. Жас суретшінің жұмыстары ЮНЕСКО - ның балалар жұмыстары каталогына іріктеп алынды. Бұл осымен Валяның әртүрлі шығармашылық байқаулардан әкелген жетінші жеңісі. Енді Валентинаны бүкіл Қазақстан билетін болады. Оның ұстазы

Валяны жоғары оқу орнына түсіп, үлкен суретші болып шығады деп сенеді. Ал өзінге Н. Нюдильчиевке осынау жас дарыннан мектебінің жұмысы неге тоқтап тұрғанын ата - аналарға түсіндіруге тура келіп тұр. Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардың ата - аналары балалары «Левша» өнер мектебінде қолөнерді үлкен қызығушылықпен үйреніп жатқандықтан, бірнеше жыл қатарынан КПО компаниясы қаржыландырып келе жатқан осынау тамаша жобаны қаржыландыру өзінге тоқтап тұрғанына қатты қынжылуда. Балалар да, ересектер де осы ауыл балалары үшін аса қажет шығармашылық жұмыс өз жұмысы жалғастырады деп сенеді.



өткізілген жарыстың спортшы жастар үшін тәлімдік, тәрбиелік мәні зор болғанын атап айтқым келеді. Ресейдің көршілес Орынбор қаласынан казак қоғамының атаманы Бельков Юрий Петрович қатысқан жарысқа жазушы, педагогика ғылымдарының кандидаты Рынков Владимир Валентинович келіп кездесу өткізді. Өзінің жазған кітабын қолтаңба жазып маған сыйлауын өзіме үлкен дәреже санаймын. Сонымен бірге Ресей ғылым халық Академия мүшесі Волков Владимир Николаевич алкогольге қарсы өз зерттеулері мен пайымдауларын әңгімелеп берді. Ең бастысы мен осы жарыста жақсы көрсеткішке ие болып, жеңімпаздар тұғырынан көріндім. Содан да шығар маған ерекше құрмет көрсетілді. Жарыс соңында ескерткішке ағаш отырғызуымды өтінді. Сөйтіп, Ресейдің Шильникова ауылында мен

ағаш отырғыздым, менің ағашым өсіп тұр деген мақтаным сезіммен қайттым елге. Әңгіме ойынның атында, түрінде де емес, бастысы өнер жарыстыру, күш-қайрат салыстыру.

Жасқайрат Қажғалиұлы Сыйқов аталған жарысқа қатысу мүмкіндігін берген өзі қызмет атқарып жүрген КПО Б.В. компаниясына, биік жетістіктерге жеткен еңбегін бағалап, марапаттаған КПО Б.В. компаниясының кәсіподақ комитетінің төрағасы Т.К. Кеңесовке үлкен ризашылығын білдіреді. Сонымен бірге «спорт деген бір сиқыр» демекші аудан жастарын спортпен айналысуға шақырады. Спорттың денсаулыққа да, көңіл күйге де пайдасы зор, танымды да әсері мол екенін айтады. Спортта тәжірибесі мол, талай биіктерді бағындырып, ауданның атын шығарып жүрген Жасқайраттың сөзінің жаны барына келісетін шығарсыз.